

«№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы» МКҚК

**Ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілермен психологиялық жүргізілген
жұмыстардың жылдық есебі**

Орындаған: А.О. Елшибекова

2022-2023ж.

№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы бойынша ерекше білімді қажет ететін балалармен жүргізілген жұмыстардың жылдық есебі.

2022-2023оқу жылының қазан,қараша айынан бастап, облыстық ПМПК-ның қорытындысы бойынша балалар психологиялық жеке түзете –дамыту диагностика жұмыстары жүргізілді.Балалардың жас ерекшелігіне,қарай №377 №6 бұйрыққа сүйеніп М. Монтессори әдісі бойынша жеңіл жеке жоспар құрылып, оқу іс әрекеті бекітілді.Ата-аналарына түсіндіру жұмыстары жүргізіліп,кеңестер берілді.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың аты-жөндері ПМПК қорытындысы

- | | |
|------------------------|-----------------------|
| 1.Ақболатқызы Амина | 8 ТалғатАли |
| 2.Жалғау Ақжол | 9. Таблов Шыңғыс |
| 3.Дощанов А | 10. Қанатов Ибрахим |
| 4.Құралбай Жанерке | 11. Шайхаден Айсана |
| 5.Али Дінмұхаммед | 12. Қабылбай Таңірлан |
| 6.Қабиев Ислам | 13.Ерғазы Айлин |
| 7. Сағынғали Қобыланды | 14.Турдиев Даниал |
| | 15Рахимұлы Абдурауф |

Балалар мен психологиялық түзету мақсатында,зерттеу жұмыстары жүргізілді. Балалардың психикасының сапалы өзгеруіне оның есте сақтау,ойлау,қиялдау,зейінін,есту қабілеттерін дамыту.Құрылған бағдарламаға сәйкес жұмыс жүргізілді.

Ақболатқызы Амина Өркен ересек топ тәрбиеленушісі құрылған бағдарлама бойынша « Менің жанұям әдістемесі» бойынша әңгімелесу сурет салу,кезінде отбасы туралы әңгімелеп бердім. Сурет салу барысында анасының,әкесінің аттарын айтып берді, отбасымен қарым–қатынасы жақсы екенін көрсетті.Амина қарандашты дұрыс ұстай алады, қызығушылығы бар.Сурет бойынша тапсырмаларды орындай алды.Психологиялық дамуы жасына сай қалыпты.Баланың есте сақтауы орташа,берілген тапсырманы аяғына дейін орындайды,тілінің дамуы жай,оқу іс әрекетінде белсенділік танытады.

Құралбай Жанерке Балбөбек ересек топ тәрбиеленушісі бағдарлама бойынша Жанерке адамдар мен қарым-қатынас орнату жақсы« Менің жанұям» әдістемесі жанұя мүшелеріне кімдер жатады отбасыларын сөздері түсініксіз берді ,сұрақтарға дұрыс түсінеді. Зейіні тұрақталды, сурет салуға қызығушылық танытады,өзіне ұнаса сұрақтарға жауап береді.Ауызша сұрақтарда сөздерді қайталайды.Құрастырмалы тапсырмаларды орындайды аяғына дейін отыра алады.Жанерке оқу іс-әрекетіне қатысады жеке сөздерді айта алады түсініксіз байланыстырып сөйлей алады.Сөздің грамматикалық қатары сақталмаған.Досыңмен кездесу әңгімелеп айтады санау,пішіндерді айтып берді,түстерді ажырата алады.Қазіргі таңда топтағы балалар мен қарым –қатынас орнатып келеді. «Жыл мезгілдерін» сурет салуға қызығушылық танытады.

Талғат Али Құлыншақ ортаңғы топ тәрбиеленушісі.Баланың психологиялық жағдайы қалыпты,қарым-қатынасы жақсы, «Менің жанұям әдістемесі бойынша»бала өз отбасы туралы айтып бере алмады,сұрақтарға жауап бере алмайды ыммен түсіндіреді.Танымдық процестері ойлауы сурет бойынша әңгімелеу кезінде кейбір сөздері мама деген сөз жартылай айтады.Жыл мезгілдері тақырыбында жасырынған суреттерді 2суретті тауып бере алмады , санау,пішіндерді айту,тапсырмаларында шатастырып көрсетті, зейіні тұрақсыз.Оқу іс әрекетінде бала қызығушылық танытып отырады,Сандарды есіңе сақта есіне сақтай алмады,сандарды көру арқылы қойып шықты.Берілген жұмысты аяғына дейін аяқтамайды.Балалар мен қол жаттығуларын,көңілді ойындар үнемі жүргізіліп отырады.

Сағынғали Қобыланды Балбөбек ересек тобының тәрбиеленушісі. Баланың психологиялық жағдайы қалыпсыз,қарым-қатынасы қалыпты баяу сөйлейді,Танымдық процестері ойлауы төмен деңгейде.Досыммен кездесу, санау кезінде шатастырды,пішіндердіде толық білмейді.Оқу іс әрекеткезінде балада қызығушылық танытпайды, Ұсақ моторикасыда қалыпсыз қарандаштарды дұрыс ұстай алмайды,түстерді ажырата алмайды.Қол жаттығуларын,көңілді ойындар үнемі жүргізіліп отырады.

Дошанов Алтайыр Балбөбек ересек тобының тәрбиеленушісі. Баланың психологиялық жағдайы қалыпсыз, қарым-қатынасы қалыпты, сөйлей алмайды, зейіні тұрақсыз, берілген тапсырмаларды түсінбейді. Оқу іс-әрекетінде бала қызығушылық танытпайды. Ұсақ моторикасы қалыпсыз. Қол жаттығуларын, көңілді ойындар үнемі жүргізіліп отырады.

Али Дінмұхаммед Ақбөбек ортаңғы тобының тәрбиеленушісі. Баланың психологиялық жағдайы қалыпты, қарым-қатынасы қалыпты дұрыс сөйлей алмайды түсініксіз айтады, тапсырмаларды толық орындай алмайды, зейіні тұрақсыз, бір тапсырманы толық орындай алмайды. Түстерді ажырыта алмайды, оқу іс-қызметіне қызығушылық танытады.

Түрдиев Даниал Ақбөбек ортаңғы топ тәрбиеленушісі бағдарлама бойынша жұмыстар жүргізілді. Даниал адамдар мен қарым-қатынасы қалыпты. «Менің жанұям» әдістемесі бойынша жақсы қарым-қатынаста екенін көрсетті. Жалпы баланың танымдық қабілеті жасына сай емес, берілген тапсырмаларды қызығушылық пен орындамайды, берілген тапсырмаларды түсінбейді. .

Таблов Шыңғыс Күншуақ ересек топ тәрбиеленушісі баланың психологиялық жағдайы жасына сай дамыған, сөйлей алады, сұрақтарға жауап береді, қарым-қатынасқа түсе алады. Оқу іс-қызметінде қызығушылық пен қатысады.

Шайхаден Айсана Еркетай топ тәрбиеленушісі баланың психологиялық жағдайы қалыпты, танымдық қабілеттері де жасына сай, сөздерге дұрыс түсініп болмайды, сөйлегені түсініксіз оқу іс-қызметіне қызығушылық танытады сұрақтарға дұрыс түсінбей қалады.

Қабылбай Таңірлан Ақбөбек ортаңғы топ тәрбиеленушісі баланың психологиялық жағдайы жасына сай емес сөздері түсініксіз, зейіні тұрақсыз сұрақтарға дұрыс жауап бере алмайды. оқу іс-қызметіне қызығушылық танытпайды.

Қабиев Ислам Құлыншақ топ тәрбиеленушісі баланың психологиялық жағдайы қалыпсыз жасына сай дамымаған, зейіні тұрақсыз сөйлемейді, берілген тапсырманы түсінбейді, ұсақ моторикасы қалыпсыз қызығушылығы жоқ. Оқу іс –қызметіне қызығушылық танытпайды.

Ерғазы Айлин Ақбөбек топ тәрбиеленушісі баланың психологиялық жағдайы қалыпсыз, жасына сай емес, зейіні тұрақсыз жеке сөздерді қайталап айтады, қойылған сұрақтарға түсінбейді жауап бере алмайды. Танымдық қабілеттері жасына сай емес, сөздерді қайталап айтады, ұсақ моторикасы дамымаған. Оқу іс-әрекетіне қызығушылық танытпайды берілген тапсырмаларды соңына дейін орындамайды. Айлиннің әнге қызығушылығы өте жақсы.

Қанатов Ибрахим Балапан кіші топ тәрбиеленушісі баланың психологиялық жағдайы балалар мен қарым-қатынасы қалыпсыз жасына сай емес, зейіні тұрақсыз сөздерге түсінбейді, мұрын, қол, бас, көз, ауыз мүшелерін көрсете алмады. Берілген тапсырмаларды орындауға тырысады орнына суреттерді қою, орындай алмады.

Рахимұлы Абдурауф Өркен ересек топ тәрбиеленушісі. Баланың психологиялық жағдайы қалыпсыз, қарым-қатынасы қалыпты, Танымдық қабілеттері жасына сай емес, берілген тапсырмаларға түсінбейді, байланыстырып сөйлеу алмайды. Ұсақ моторикасы қалыпсыз оқу іс-әрекетіне қызығушылық танытпайды.

Ерекше білім беруді қажеттіліктерін бағалау және психологиялық - педагогикалық қолдау көрсетіліп, ПМПК қорытындыларымен жұмыс жасап балаларға ұсыныстар берілді.


Ақболатқызы Аминаға ұсынамын Өркен тобының тәрбиеленушісі психологиялық – педагогикалық қолдау көрсетіліп өзгерістер байқалды жағдайы қалыпты , танымдық қабілеттері жасына сай дамыған. Берілген тапсырмаларды тиянақты орындайды, соңына дейін жеткізеді оқу іс әрекетіне қызығушылық танытады.

Балаларға психологиялық педагогикалық қолдау көрсетуді және жеке түзете – дамыту жұмыстарын жалғастыру.

Рахимұлы Абдурауф отбасына байланысты наурыз айынан бастап балабақшадан шығып кетті.

**2022-2023 оқу жылдары бойынша балалардың танымдық қабілеттерінің
даму диаграммасының жылдық қорытындысы.**

Мониторинг қазан айына



Мониторинг мамыр айына

